

**«Мүмкіндіктер бизнес картасы: төлем жасап, жеңіске жетіңіз»
акциясын өткізу қағидалары**

Алматы қ., 2024 жыл

1. Жалпы қағидалар

1.1. **«Мүмкіндіктер бизнес-картасы: төлем жасап, жеңіске жетіңіз» акциясын** өткізу туралы осы қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) **«Мүмкіндіктер бизнес-картасы: төлем жасап, жеңіске жетіңіз»** акциясын (бұдан әрі – Акция) өткізу тәртібі мен шарттарын, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, акция жеңімпаздарын айқындау, жүлделерді тапсыру тәртібін айқындайды. Акция лотерея немесе құмар ойыны емес және оны кез келген құмар ойыны түрінде орындау немесе пайдалану мүмкін емес.

1.2. Акцияны ұйымдастырушы: «Jusan Bank» АҚ, БСН 920140000084, (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) А26F8T9, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242 мекенжайында орналасқан.

1.3. Акцияны өткізу кезеңі 01.12.2024 жылдан 28.02.2025 жылға дейінгі мерзімді қоса алғанда.

1.4. Акцияның мақсаты ұйымдастырушы шығарған MasterCard World Business төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма қол ақшасыз төлемдер санын арттыру.

2. Қағидалар мәтінінде қолданылатын терминдердің анықтамасы

2.1. **Ақшалай сыйлық**-Қағидалардың 4.1-тармағында көрсетілген, Қағидалардың 6-тармағында көзделген тәртіппен акция жеңімпаздарына/резервтік жеңімпаздарына берілетін сыйлық. Ақшалай сыйлық жеңімпаздарға/ резервтік жеңімпаздарға ақшалай сертификат түрінде беріледі.

2.2. **ТКүЖТС**-жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның табысы бойынша төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы;

2.3. **ТКүКТС**-заңды тұлғаның табысы бойынша төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы;

2.4. **Жеңімпаз** - Осы Қағидалардың шарттарында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде жеңімпаз деп танылған акцияға қатысушы.

2.5. **Резервтік жеңімпаз**-жеңімпаз ақшалай жүлдені алуға мүмкіндігі болмаған/бас тартқан жағдайда жеңімпаз деп танылатын екінші (альтернативті) қатысушы.

2.6. **Акцияға қатысушы** - жеке сот орындаушыларын, адвокаттарды, нотариустарды, кәсіби медиаторларды, шаруа қожалықтарын қоспағанда, ұйымдастырушы шығарған пластикалық немесе цифрлық MasterCard World Business төлем карточкаларын (бұдан әрі-Карточка) ресімдеп алған және пайдаланатын Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер.

2.7. Акция қатысушыларына қойылатын талаптар:

- акция шарттарын тиісті түрде орындаған тұлға;
- ұйымдастырушыда ашылған ағымдағы жинақ шоты (шоттары) бойынша ешқандай шектеулер (оның ішінде ақшаға тыйым салу, шот (- тар) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешім/өкім және т. б.) қойылмаған тұлға;

- «Jusan Bank» АҚ-пен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелер, оларды жасауға мүдделілік бар мәмілелер жасасу және бақылау, сондай-ақ байланысты тұлғалардың (тараптардың)тізілімдерін жүргізу жөніндегі қағидаларға сәйкес ұйымдастырушымен қатынастармен байланысты емес тұлға.

3. Акцияға қатысу шарттары

3.1. Акцияға қатысу үшін акцияға қатысушылар акция мерзімі ішінде бір айда карточканы немесе оның деректемелерін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының аумағында не одан тыс жерлерде де POS-терминал арқылы немесе Интернет желісінде қызметі осы Қағидалардың 1-қосымшасында көзделген MCC-кодтар (Merchant Category Code) тізбесіне енгізілген сауда нүктелерінде көрсетілетін қызметтерге және/немесе тауарларға ақы төлеуді, оның ішінде кредит өтеу, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеу бойынша төлемдер және т. б қоспағанда, сауда/сервис кәсіпорындарының тауарларына/қызметтеріне ақы төлеу бойынша 200 000 (екі жүз мың) теңге және одан да көп сомаға бір немесе одан да көп транзакциялар жасауы қажет;

3.2. Акция шарттарына сәйкес әрекет жасаған акция қатысушылары Қағидалардың 4.1-тармағында көрсетілген ақшалай сыйлықтың ұтыс ойынына қатысады.

3.4. POS-терминал арқылы немесе Интернет желісінде жасалған тауар және/немесе қызмет үшін төлемді бенефициарлар сәтті алған және мұндай транзакциялар бойынша қайтарулар болмаған жағдайда (акцияға қатысушының сатып алынған тауарлардан және (немесе) қызметтерден бас тартуы) Қағидалардың 3.1-тармағында көрсетілген транзакциялар есептеледі.

4. Ақшалай сыйлық

4.1. Ақшалай сертификаттардың жалпы саны-25 дана. Әрбір сертификаттың сомасы тиісті кезеңде әрбір жеңімпазға/резервтік жеңімпазға берілетін 2 000 000 (екі миллион) теңгені құрайды. Әр кезеңде ойнатылатын ақшалай сертификаттардың саны осы Қағидалардың 5.3 - тармағында көрсетілген.

4.2. Әрбір жеңімпазға берілетін ақшалай сыйлық сомасы төлем көзінен ұсталатын салық шегерілгеннен кейін 2 000 000 (екі миллион) теңгені құрайды, жеңімпаздар саны-25.

4.3. Ақшалай жүлдені акция жеңімпазына беру нәтижесінде салық салуды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осындай табыс түрі үшін белгіленген мөлшерлеме бойынша дербес жүзеге асырады:

- резидент-заңды тұлға бойынша- ТКҰЖТС 15 % мөлшерінде;
- жеке кәсіпкер ретінде тіркелген резидент-жеке тұлға бойынша-ТКҰЖТС 10% мөлшерінде.

4.4. Ақшалай сыйлық жеңімпаз (-дар)/резервтік жеңімпаз (-дар) алғаннан және ақшалай жүлдені қабылдауға келісімге қол қойылғаннан кейін қайтарылмайды.

5. Жеңімпаздарды/резервтік жеңімпаздарды анықтау

5.1. Акция ақшалай сыйлықты ойнататын кезеңдерге бөлінеді. Әр кезеңдегі жеңімпаздар саны, есепті кезең, сондай-ақ ақшалай жүлден ойнату мерзімі осы Қағидалардың 5.3-тармағында көрсетілген.

5.2. Жеңімпаз/резервтік жеңімпаз деп танылған және осы Қағидалардың шарттарына сәйкес ақшалай сыйлық алған акция қатысушысы ақшалай ұтысты ойнатуға қайта (келесі кезеңдерде) қатыспайды. Тиісінше, жеңімпаз / резервтік жеңімпаз тек бір ғана ақшалай сыйлық ала алады.

5.3. Ақшалай сыйлықтарды ойнату мерзімі:

- 1-ші ұтыс ойыны (кезең) - 20.01.2025 жылға дейін (01.12.2024 жылдан 31.12.2024 жылды қоса алғандағы кезеңде шарттарды орындаған акция қатысушы, ағымдағы кезеңде 5 ақшалай сертификат ойнатылады);
- 2 – ші ұтыс ойыны (кезең) - 20.02.2025 жылға дейін (01.01.2025 жылдан 31.01.2025 жылды қоса алғандағы кезеңде шарттарды орындаған акция қатысушысы, ағымдағы кезеңде 10 ақшалай сертификат ойнатылады;
- 3 – ші ұтыс ойыны (кезең) - 20.03.2025 жылға дейін (01.02.2025 жылдан 28.02.2025 жылды қоса алғандағы кезеңде шарттарды орындаған акция қатысушысы, ағымдағы кезеңде 10 ақшалай сертификат ойнатылады;

5.4. Ақшалай сыйлық ұтыс ойынының өтілетін жері-Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

5.5. Жеңімпазды / резервтік жеңімпазды анықтау Ұйымдастырушының қызметкерлерінен тұратын 3 (үш) комиссия мүшелерінің қатысуымен жүзеге асырылады. Акцияның әрбір қатысушысына ұйымдастырушы реттік нөмір береді. Жеңімпаз / резервтік жеңімпаз random.org кездейсоқ сандар генераторының веб-сайтында сандарды таңдау арқылы акция қатысушылары арасынан анықталады, берілген реттік нөмір бойынша жеңімпазды сәйкестендіру үшін берілген нөмірдің жанындағы бағандарда MasterCard World Business карточкасының алғашқы және соңғы төрт цифры көрсетіледі.

5.6. Жеңімпаздар мен резервтік жеңімпаздарды анықтау процесі барлық әрекеттерді бейнежазбаға түсіре отырып, Ұйымдастырушының Instagram әлеуметтік желісіндегі Jusan.kz. ресми парақшасында тікелей эфирде өтетін болады.

5.7. Ақшалай ұтыс ойынының нәтижелерін комиссия осы Қағидалардың 2-қосымшасында көзделген нысан бойынша хаттамаға жазады.

5.8. Ақшалай сыйлық ұтыс ойыны Ұйымдастырушыға байланысты емес себептер бойынша басқа күндерге ауыстырылуы мүмкін, бұл туралы Ұйымдастырушының Instagram әлеуметтік желісіндегі Jusan.kz. ресми парақшасында қосымша хабарланатын болады.

6. Жүлде туралы хабарлау және тапсыру тәртібі

6.1. Ұйымдастырушы Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында Қағидалардың 5.3-тармағында көрсетілген мерзімдерде тікелей эфирде іске қосады, Ұйымдастырушы ақшалай жүлдені ұтып алғаны туралы хабарлау мақсатында әрбір жеңімпазға кемінде үш (3) рет телефон арқылы хабарласады. Егер жеңімпаз қоңырауға жауап бермесе, ақшалай сыйлық резервтік жеңімпазға өтеді, оған да Ұйымдастырушы кемінде үш (3) рет хабарласады. Резервтік жеңімпаз жауап бермеген жағдайда (қоңырауға жауап бермеді), Ұйымдастырушы келесі жеңімпаз бен резервтік жеңімпазды анықтау үшін сандарды құру (кездейсоқ таңдау) процедурасын қайта бастайды. Ақшалай жүлдені алу үшін жеңімпаз / резервтік жеңімпаз Ұйымдастырушыдан хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде (телефон арқылы хабарлау) Ұйымдастырушының жақын жердегі бөлімшесіне/филиалына хабарласуы қажет.

6.2. Жеңімпаз / резервтік жеңімпаз ақшалай жүлдені алу мақсатында Ұйымдастырушыға осы Қағидалардың 3-қосымшасында көзделген нысан бойынша ақшалай жүлдені алуға келісім береді. Егер жеңімпаз / резервтік жеңімпаз көрсетілген мерзімде ақшалай жүлдені алу үшін Банк бөлімшесіне/филиалына хабарласпаған жағдайда, Ұйымдастырушы жеңімпаздың/ резервтік жеңімпаздың ақшалай жүлдені алудан бас тартуы ретінде есептейтін болады және мұндай әрекетке Ұйымдастырушы жауап бермейді.

6.3. Ұйымдастырушыға ақшалай сыйлық алуға келісім беру фактісі акцияға қатысушылардың акция шарттарымен және осы Қағидалармен келісетінін білдіреді, тиісінше акцияға қатысу туралы, оның ішінде радио және теледидар арқылы, сол сияқты өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалық сұхбат беруге немесе графикалық жарнамалық материалдарды дайындау үшін Ұйымдастырушыға қандай да бір сыйақы төлемей бейне, фотоға түсуге келіседі. Мұндай сұхбаттарға және басқа материалдарға барлық авторлық құқықтар Ұйымдастырушыға тиесілі болады.

6.4. Ақшалай сыйлық алу үшін Жеңімпаз / Резервтік жеңімпаз ұйымдастырушыға келесіні ұсынады:

- жеке басын сәйкестендіру және растау мақсатында егер жеңімпаз/резервтік жеңімпаз заңды тұлғаның/жеке кәсіпкердің атынан әрекет ететін жеке кәсіпкер немесе уәкілетті/ сенімді тұлға болып табылған жағдайда жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат;

- осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес Ұйымдастырушының ұсынған үлгісі бойынша ақшалай сыйлық алуға жазбаша келісім;

- жеке деректерді жинауға және өңдеуге (суретті пайдалануға келісімді қоса алғанда), Ұйымдастырушының қалауы бойынша барлық ресурстарда осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес акцияға қатысу туралы жарнамалық сұхбаттарға қатысуға жазбаша келісім;

- заңды тұлғаның/жеке кәсіпкердің атынан әрекет ететін уәкілетті тұлғаға сенімхат (оның ішінде ұтысты алуға);

- Осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес акция бойынша ақшалай сыйлықты алғанын растайтын ақшалай сыйлықты қабылдау-тапсыру актісі (сертификат).

Жеңімпаздың/резервтік жеңімпаздың Қағидалардың осы тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбауын немесе беруден бас тартуын Ұйымдастырушы жеңімпаздың/ резервтік жеңімпаздың ақшалай сыйлық алудан бас тартуы ретінде қарайтын болады.

6.5. Ұйымдастырушы Жеңімпаз/ Резервтік жеңімпаз Қағидалардың 6.4-тармағында көрсетілген барлық құжаттарды ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Жеңімпазға/Резервтік жеңімпазға ақшалай сыйлық беруді жүзеге асырады.

6.6. Ұйымдастырушы ақшалай сыйлықты Жеңімпаздың/Резервтік жеңімпаздың Ұйымдастырушыда ашылған ағымдағы шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырады.

6.7. Ақшалай сыйлыққа меншік құқығы қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғаннан кейін Ұйымдастырушыда ашылған Жеңімпаздың/ Резервтік жеңімпаздың ағымдағы шотына ақша аударылған сәттен бастап Жеңімпазға/Резервтік жеңімпазға ауысады.

7. Басқа шарттар.

7.1. Ұйымдастырушы акцияның бастапқы шарттарын нашарлатпайтын акцияның қағидалары мен шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы (акцияны өткізу мерзімдерін ұзарту, ақшалай сыйлықтар санын ұлғайту, ақшалай сыйлықтар ұтысын өткізу күндерін өзгерту және т. б.). Акцияның ережелері мен шарттары өзгерген жағдайда Ұйымдастырушы бұл туралы акцияға қатысушыларды өзгерістер күшіне енгенге дейін кемінде күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын Ұйымдастырушының <https://jusan.kz> сайтында жаңартылған акция шарттарын рналастыру арқылы

хабардар етеді. Қосымша Ұйымдастырушы акция қатысушыларына Ұйымдастырушының мобильді қосымшасында маркетингтік және/немесе ақпараттық материалдарды ұсыну жолымен шарттардың өзгергені және толықтырылғаны туралы хабардар етуге құқылы.

7.2. Акцияға қатысушы акция шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді дербес қадағалауға міндеттенеді.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер

8.1. Өз міндеттемелерін орындау барысында Ұйымдастырушының қызметкерлері, комиссия мүшелері, сондай-ақ олардың үлестес тұлғалары және жоғарыда аталған тұлғалардың атынан қандай да бір іс-әрекеттерді орындауға уәкілеттік берілген тұлғалар (бұдан әрі бірлесіп – жұмысқа тартылған тұлғалар), акцияға байланысты қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде ақша немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

8.2. Осы Қағидаларға сәйкес өз міндеттемелерін орындау барысында жұмысқа тартылған тұлғалар осы Қағидалардың мақсаттары үшін қолданылатын коммерциялық пара беру сияқты Қазақстан Республикасының заңнамасымен сараланатын өзге де заңсыз әрекеттерді жүзеге асырмайды.

8.3. Жұмысқа тартылған тұлғалар бір-бірін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақша, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және тараптардың бірін белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған осы тармақта көрсетілмеген басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

8.4. Ұйымдастырушы қызметкерінің оны ынталандырушы тараптың пайдасына жасайтын әрекеттеріне (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) төмендегілер жатады:

- 1) басқа контрагенттермен салыстырғанда негізсіз артықшылықтар беру;
- 2) қандай да бір кепілдіктер беру;
- 3) қолданыстағы рәсімдерді жеделдету;
- 4) ұйымдастырушы қызметкері өзінің лауазымдық міндеттері шеңберінде орындайтын, бірақ тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар бойынша ашықтық пен адалдық қағидаттарына қайшы келетін өзге де іс-әрекеттер.

9. Акция шарттары туралы хабарлау тәртібі мен тәсілі

9.1. Қағидалар www.jusan.kz сайтында орналастырылған, акция туралы қысқартылған ақпарат Ұйымдастырушы тарататын жарнамалық материалдарда, сондай-ақ Ұйымдастырушының басқа да ақпарат көздерінде бар: Jusan Business мобильді қосымшасы, Ұйымдастырушының интернет-ресурсы.

**«Мүмкіндіктер бизнес-картасы: төлем жасап, жеңіске жетіңіз»
акциясын өткізу қағидаларына
1-қосымша**

Акция шеңберінде жүргізілген транзакцияларды есепке алуға қатыспайтын МСС¹ тізбесі

1. 4112 — Көлік қызметтері: такси, лимузиндер
2. 4812 — Телефон және телеграф қызметтері
3. 4813 — Телефон байланысы және факс сервистері
4. 4814 — Телеграф қызметтері
5. 4815 — Бейне мәтіндік қызметтер
6. 4816 — Компьютерлік желілер, ақпараттық қызметтер
7. 4821 — Телеграф қызметтері, интернет арқылы аударымдар
8. 4899 — Басқа коммуникациялық қызметтер
9. 4900 — Электрмен, газбен, сумен жабдықтау
10. 5983 — Өуе, теңіз кемелеріне және т/ж көлік құралдарына арналған жанар май
11. 6010 — Қаржы институттары - мануалды қолма-қол ақша беру
12. 6011 — Қаржы институттары-қолма-қол ақшаны автоматты түрде беру
13. 5094 — Өзге де материалдар мен жабдықтар
14. 5511 — Автосалондар-жаңа және пайдаланылған көліктерді сату
15. 5521 — Автосалондар-пайдаланылған автомобильдерді сату
16. 5541 — Жанармай құю станциялары сервистері
17. 5542 — Жанармай құю станциялары арқылы жанармай сату
18. 5933 — Ломбард
19. 5960 — Қашықтықтан сауда, каталогтар
20. 8999 — Өзге де кәсіби қызметтер
21. 9211 — Сот төлемдері мен айыппұлдар
22. 9222 — Мемлекеттік мекемелерге төлемдер (салықтар мен алымдар)
23. 9223 — Адвокаттық қызметтер, сот шығындары
24. 9311 — Мемлекеттік және сот мекемелері
25. 9399 — Өзге де мемлекеттік қызметтер
26. 9402 — Әлеуметтік және мемлекеттік қызметтер
27. 7995 — Ставкалар, құмар ойындары, лотереялар
28. 4829 — Ақша аударымдары және қаржылық қызметтер
29. 6529 — Қаржылық қызметтер-өзгелері
30. 6530 — Қаржылық қызметтер-дебеттік және кредиттік
31. 6531 — Қаржы мекемелері арқылы төлемдер
32. 6532 — Клирингтік орталықтар арқылы төлемдер
33. 6533 — Қаржы желілері арқылы төлемдер
34. 6051 — Ақша аударым жүйелері (мысалы, Western Union)
35. 6540 — Басқа да қаржылық қызметтер
36. 6050 — Ақша аударым жүйелері
37. 6534 — Қаржылық қызметтер-желілік аударымдар
38. 9754 — Өзге қаржылық қызметтер
39. 6536 — Қаржылық сервистер – кеңес беру
40. 6537 — Қаржылық кеңес беру қызметтері
41. 6538 — Төлем жүйелері
42. 6012 — Қаржы институттары - тауарлар мен қызметтерді сату
43. 6211 — Бағалы қағаздар (брокерлер/дилерлер)

¹ Акцияға қатысушының қолма-қол ақшасыз сатып алу есебіне қатыспайтын МСС-кодтардың (Merchant Category Code) тізбесі

44. 6300 — Сақтандыру қызметтері
45. 6399 — Өзге сақтандыру қызметтері
46. 7276 — Компьютерлік қызметтер: жұмыспен қамту
47. 7299 — Өзге де дербес қызметтер
48. 7311 — Жарнамалық қызметтер
49. 7372 — Компьютерлік бағдарламалық қызметтер, БЖ әзірлеу
50. 7399 — Өзге бизнес-қызметтер
51. 6513 — Жылжымайтын мүлікті басқару
52. 6535 — Дебеттік қаржылық операциялар
53. 7800 — Жеке демалыс және ойын-сауық іс-шаралары
54. 7801 — Ойын-сауық қызметтері
55. 7802 — Басқа ойын-сауық қызметтері
56. 9221 — Айыппұлдар мен сот төлемдері

**«Мүмкіндіктер бизнес-картасы: төлем жасап, жеңіске жетіңіз»
акциясын өткізу қағидаларына
2-қосымша**

Комиссия хаттамасы

Акция атауы:	
Отырыс орны:	
Отырыс күні:	«__» _____ 2024/25 жыл
Отырыс уақыты:	_____

Комиссия құрамы:		
	_____ лауазымы _____	_____ Т.А.Ә. _____
	_____ лауазымы _____	_____ Т.А.Ә. _____
	_____ лауазымы _____	_____ Т.А.Ә. _____
	_____ лауазымы _____	_____ Т.А.Ә. _____
	_____ лауазымы _____	_____ Т.А.Ә. _____

**Ұтыс ойынын өткізу нәтижелері бойынша комиссия акция шеңберінде келесі
Жеңімпаздарды анықтады:**

№	Ұтыс тізіміндегі жеңімпаз нөмірі	Mastercard World Business картасының бірінші және соңғы 4 саны
1.		
2.		
...

**Ұтыс ойынын өткізу нәтижелері бойынша комиссия акция шеңберінде келесі Резервтік
жеңімпаздарды анықтады:**

№	Ұтыс тізіміндегі жеңімпаз нөмірі	Mastercard World Business картасының бірінші және соңғы 4 саны
1.		
2.		
...

Біз, төменде қол қойған комиссия мүшелері, жүлделер ұтысының нәтижелерімен келісеміз және ұтыс ойынының еш бұзушылықсыз өткенін растаймыз.

Лауазымның атауы, қызметкердің ТАӘ _____

Лауазымның атауы, қызметкердің ТАӘ _____

Лауазымның атауы, қызметкердің ТАӘ _____

**«Мүмкіндіктер бизнес-картасы: төлем жасап, жеңіске жетіңіз»
акциясын өткізу қағидаларына
3-қосымша**

форма

Кімге: **«Jusan Bank» АҚ,**
(БСН 920140000084)

Осы арқылы:

- Жеңімпаз **«Мүмкіндіктер бизнес-картасы: төлем жасап, жеңіске жетіңіз»** акциясының (бұдан әрі – Акция) шарттарымен танысқанын, сондай-ақ оның шарттарын қабылдағанын және онымен келісетінін растайды;

- Жеке тұлға болып табылатын Жеңімпаз /Жеңімпаз өкілі - жеке тұлға «Jusan Bank» АҚ-қа (бұдан әрі-Банк) акцияға қатысу туралы жарнамалық сұхбаттарға, оның ішінде радио және теледидар арқылы және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, фото-бейне түсірілімге қатысуға, графикалық жарнамалық материалдарды дайындау үшін бейнені пайдалануға, фотосуреттер мен бейнелерді өзгертуге, өңдеуге, күңгірттеуге, бұрмалауға және кескінді өзгертуге, фотосуреттер мен бейнелердің қорытынды нұсқасын жариялау барысында композицияларда әдейі, байқаусыз қолданылатын оптикалық иллюзияларды қолдануға келісім береді;

- Жеке тұлға болып табылатын жеңімпаз / жеңімпаз өкілі-жеке тұлға Банк өткізген акция туралы ақпаратты жариялау мақсатында (оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде Ұйымдастырушының ресми парақшаларында және баспа басылымдарында) Банкке өзінің суреттерін, тегін, атын, әкесінің атын, ЖСН, жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін, оның ішінде фотосуреттерді, бейнематериалдарды, сұхбаттарды және басқа материалдарды пайдалануды қоса алғанда, дербес деректерді жинауға және өңдеуге, үшінші тұлғаларға беруге, оның ішінде трансшекаралық беруге келісім береді;²

- жеңімпаз акцияны жариялау мақсатында кез келген үшінші тұлғаларға банк құпиясын ашуға банкке келісім береді (оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ұйымдастырушының ресми парақшаларында, баспа беттерінде).

- Жеңімпаз _____ (_____) теңге мөлшерінде ақшалай сыйлық алуға келісімін береді.

Акция жеңімпазы:

_____ (компания атауы/ТАӘ)
_____ (БСН/ЖСН)

Жеңімпаз өкілінің Т.А.Ә. _____ КОЛЫ

Жеңімпаз өкілінің ЖСН _____

Күні: _____

² Келісім қолданылатын мерзім: мен оны кері қайтарып алғанша. Мен және банк арасындағы құқықтық қатынастар тоқтатылған жағдайда келісім кері қайтарылуы мүмкін

**«Мүмкіндіктер бизнес-картасы: төлем жасап, жеңіске жетіңіз»
акциясын өткізу қағидаларына
4-қосымша
форма**

Кімге: «Jusan Bank» АҚ,
ЖСН/компания БСН-ы

**Қабылдау-тапсыру
АКТИСІ**

«__» _____ 20__ ж.

Осы қабылдау -тапсыру актісі _____ қ. жасалды және _____, _____, тапсырғанын, ал _____, _____ қабылдап алғанын растайды:

Атауы	Саны (дана)
2 000 000 (екі миллион) теңге мөлшерінде ақшалай сыйлық	1

Осы Акт 2 данада жасалды.

Алынған ақшалай сыйлыққа және Ұйымдастырушыға ешқандай шағымым жоқ және келешекте болмайды.

Жеке өзім қол қойдым.

Тапсырды:

(Т.А.Ә.)

(қолы)

Қабылдап алды:

(Т.А.Ә.)

(қолы)